

## Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округінің жайылымдарын басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған жоспарды бекіту туралы

Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 19/2 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңының 8-бабы 1) тармақшасына сәйкес, Павлодар қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округінің жайылымдарын басқару оларды пайдалану жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған жоспарды бекіту туралы жоспары бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қалалық мәслихатының төрағасы

Қ. Кожин

Павлодар қалалық

мәслихатының 2023 жылғы

27 сәуірдегі № 19/2

шешімімен бекітілді

## Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округінің жайылымдарын басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған жоспар

Осы Павлодар қаласы Кенжекөл ауылдық округінің жайылымдарын басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған жоспар (бұдан әрі – Жоспар) Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" № 173 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" № 3-3/332 бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттең-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін-жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) занды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша

қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарды ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдалап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) занды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданды.

Жоспар:

1) осы Жоспардың 1-қосымшасына сәйкес құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Кенжекөл ауылдық округінің аумағында жайылымдардың орналасу схемасын (картасы);

2) осы Жоспардың 2-қосымшасына сәйкес Кенжекөл ауылдық округінің аумағында жайылым айналымдарының қолайлыш схемалары;

3) осы Жоспардың 3-қосымшасына сәйкес Кенжекөл ауылдық округінің жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасын;

4) осы Жоспардың 4-қосымшасына сәйкес Кенжекөл ауылдық округінің жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасын;

5) осы Жоспардың 5-қосымшасына сәйкес Кенжекөл ауылдық округінің аумағында жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасын;

6) осы Жоспардың 6-қосымшасына сәйкес Кенжекөл ауылдық округінің маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасын;

7) осы Жоспардың 7-қосымшасына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күндізбелік кестесін қамтиды.

Ауылдың аумағы Ертіс өзенінің оң жақ жағасында орналасқан. Батыс- Сібір ойпатының Ертіс жазық толқынды жазығы шегінде. Жаңбырлы бөліктің бедері Ертіс өзенінің жайылмасынан бірінші, екінші және үшінші террасалар шегінде орналасқан тегіс толқынды аллювиалды жазықпен ұсынылған.

Бұл аумақтың гидрографиялық көрінісінің өзіндік ерекшелігі бірқатар физикалық-географиялық факторларға байланысты, оның ішінде шұғыл континенталды климат аз жауын-шашынмен және ойпаттар болған кезде жазық рельефен. Мұнда каштан, шалғынды-каштан топырақтары және каштан тұзды жалаулар пайда болды.

Жайылымдық алқаптардың орташа өнімділігі – 1,1-2,5 центнер/ектар. Ауадағы құрғақ массаның орташа өнімділігі 3,8-5,8 ц / га құрайды.

Жайылымдар жемдерінің қоры ұзақтығы 170-180 күн болатын жайылым кезеңінде пайдаланылады.

Кенжекөл ауылдық округінің жерлері онтүстік бөлігінде орналасқан, солтүстікте Павлодар қаласының аумағымен шектеседі; шығысында және онтүстігінде Заря ауылдық округі.

Табиғи-климаттық жағдайларға сәйкес Кенжекөл ауылдық округінің аумағы көктемгі-жазғы кезеңінің құрғақшылығымен, жаздың жоғары болуымен және қысқы ауа температурасының төмен болуымен сипатталатын, континентальды континентті III құрғақ далалық аймаққа кіреді. және жылдар мен маусымдардағы тұрақсыз жауын-шашын, және жыл бойында желдің белсенелілігі.

Кенжекөл ауылдық округінің жалпы жер қоры 7532,6 га (бұдан әрі – га) соның ішінде жайылымдар – 4336,0 га;

Санаттары бойынша жерлер келесідей бөлінеді:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 9929,4 га;

елді мекендердің жерлері – 798 га;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер – 252,2 га;

орман қорының жерлері – 18,0 га;

босалқы жерлер – жоқ.

Кенжекөл ауылдық округінің аумағындағы ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны: 1975 бас ірі қара мал, 5036 бас ұсақ мал, 1031 бас жылқы.

Кенжекөл ауылдық округінің шаруашылығы жануарларының түрлері бойынша қалыптастырылған үйірлер, отарлар, табындар келесідей бөлінген:

Ірі қара мал 4 табын, 4 отар бас ұсақ мал, 3 табын жылқы.

Жайылымдар ауданының табиғи-климаттық ерекшелігіне байланысты табиғи жайылымдарға жатады және көбінесе малды бағу үшін пайдаланылады. Ауыл аумағында екпе және аридтік жайылымдар жоқ.

Жайылымдарды негізгі пайдаланушылар Кенжекөл ауылдық округінің ауылының тұрғындары болып табылады.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процесстерін болғызбау мақсатында қабылданды.

Кенжекөл ауылдық округінде 1 ветеринарлық пункт қызмет істейді.

Кенжекөл ауылдық округінде малды айдап өтүге арналған 2 сервитут белгіленген.

Павлодар қаласы Кенжекөл

ауылдық округінің


жайылымдарын басқару және

оларды пайдалану жөніндегі

2024-2025 жылдарға арналған

жоспарға 1-косымша

Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Кенжекөл ауылдық округінің жайылымдардың орналасу схемасы (картасы).




Шартты белгілер;

- Кенжекөл ауылдық округінің шекарасы;
- табиғи және жасанды су айдындары, мал суару орындары және басқа да көздері;
- жайылымдық инфрақұрылым объектісі;
- егістік;
- орман қоры;
- шабындықтар;
- «Ахметбеков Р.К.» жер телімің шекаралары, кад. №14-218-230-154;
- «Фито-ПВ» ЖШС жер телімің шекаралары, кад.№14-218-230-262.
- «Ахметбеков Р.К.» жер телімің шекаралары, кад.№14-218-230-194.
- «Ахметбеков Р.К.» жер телімің шекаралары, кад.№14-218-230-193.
- «BaigaPVL» ЖШС жер телімің шекаралары, кад.№14-218-232-180.
- «Сабенов С.М.» жер телімің шекаралары, кад.№14-218-253-577.

Павлодар қаласы Кенжекөл  
ауылдық округінің  
жайылымдарын басқару және  
оларды пайдалану жөніндегі  
2024-2025 жылдарға арналған  
жоспарға 2-қосымша

**Күкүк белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және  
жер пайдаланушылар бөлінісінде Кенжекөл ауылдық округінің жайылымдардың орналасу  
схемасы (картасы)**




## Шартты белгілер;

- - Кенжекөл ауылдық округінің шекарасы;
- табиги және жасанды су айдындары, мал суару орындары және басқа да көздері;
- - жайылымдық инфрақұрылым объектісі;
- - ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттары;
- - жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қолжеткізу;
- 1,2,3,4 - жайылым айналымдарының маусымы; га гектар;
- - егістік;
- - орман қоры;
- - шабындықтар;
- - ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың көктемгі-жазғы-кузғі маусымы;
- - ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың көктемгі-ерте жазғы-кузғі маусымы;
- - ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың көктемгі-кузғі маусымы.

Павлодар қаласы Кенжекөл  
ауылдық округінің  
жайылымдарын басқару және  
оларды пайдалану жөніндегі  
2024-2025 жылдарға арналған  
жоспарға З-қосымша

Кенжекөл ауылдың округінің жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы




## Шартты белгілер:

- Кенжекөл ауылдық округтің шекарасы;
  - табиги және жасанды су айдындары, мал суару орындары және басқа да көздері;
  - жайылымдық инфрақұрылым объектісі;
  - егістік шекарасы;
  - орман қорының шекарасы;
  - шабындықтар шекарасы;
  - ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың көктемгі-жазғы-күзгі маусымының шекаралары;
  - ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың көктемгі-ерте жазғы-күзгі маусымының шекаралары;
  - ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың көктемгі-күзгі маусымының шекаралары

жайылымдарын баскару және  
оларды пайдалану жөніндегі  
2024-2025 жылдарға арналған  
жоспарға 4-қосымша

Кенжекөл ауылдық округінің аумағында жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілер:

- Кенжекөл ауылдық округінің шекарасы;
- табиги және жасанды су айдындары, мал суару орындары және басқа да көздері;
- жайылымдық инфрақұрылым объектісі;
- жайылым пайдаланушылардың су көздеріне колжеткізу
- егістік;
- орман қоры;
- шабындықтар;
- ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың көктемгі-жазғы-кузгі маусымы;
- ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың көктемгі-ерте жазғы-кузгі маусымы;
- ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың көктемгі-кузгі маусымы.

Павлодар қаласы Кенжекөл  
ауылдық округінің  
жайылымдарын басқару және  
оларды пайдалану жөніндегі  
2024-2025 жылдарға арналған  
жоспарға 5-көсімша

Кенжекөл ауылдық округінің жайылымы жоқ жеке және (немесе) занда тұлғалардың ауыл  
шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу  
және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы




Шартты белгілер:

- Кенжекөл ауылдық округінің шекарасы;
- табиги және жасанды су айдындары, мал суару орындары және басқа да көздері;
- жайылымдық инфрақұрылым объектісі;
- егістік;
- орман қоры;
- шабындықтар;
- жайылымдарды қайта бөлу үшін берілетін жер телімі.

Павлодар қаласы Кенжекөл  
ауылдық округінің  
жайылымдарын басқару және  
оларды пайдалану жөніндегі  
2024-2025 жылдарға арналған  
жоспарға 6-қосымша

Кенжекөл ауылдық округінің маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген  
жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал базын  
шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы




Шартты белгілер:

- Кенжекөл ауылдық округінің шекарасы;
- табиги және жасанды су айдындары, мал суару орындары және басқа да көздері;
- мал басын орналастыру;
- жайылымдық инфрақұрылым объектісі;
- ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттары;
- егістік;
- орман қоры;
- шабындықтар;
- ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың көктемгі-жазғы-күзгі маусымы;
- ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың көктемгі-ерте жазғы-күзгі маусымы;
- ауылшаруашылығы жануарларын жаюдың көктемгі-күзгі маусымы.

Павлодар қаласы Кенжекөл  
ауылдық округінің  
жайылымдарын басқару және  
оларды пайдалану жөніндегі  
2024-2025 жылдарға арналған  
жоспарға 7-қосымша

## Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесі

| Жылдар | 1- қаша                     | 2- қаша                     | 3- қаша        | 4- қаша          |
|--------|-----------------------------|-----------------------------|----------------|------------------|
| 2024   | көктемгі-жазғы 1-<br>маусым | 2 жазғы маусым              | 3-күзгі маусым | демалатын маусым |
| 2025   | демалатын маусым            | көктемгі-жазғы 1-<br>маусым | 2 жазғы маусым | 3-күзгі маусым   |



## Шартты белгілер:

- - Кенжекел ауылдық округінің шекарасы;
  - табиги және жасанды су айдындары, мал суару орындары және басқа да көздері;
  - жайылымдық инфрақұрылым объектісі;
  - егістік;
  - орман қоры;
  - шабындықтар;
  - - қаша шекарасы;
  - - демалатын қаша;
- 1-К** — 1- қаша нөмірі, К-қаша  
жыл  
жайылымды пайдаланатын  
жыл